

"Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 4 қыркүйек N 1137

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін
депозиттеуді халықаралық тану туралы
Будапешт шартына Қазақстан Республикасының
қосылуы туралы

1977 жылғы 28 сәуірде Будапешт қаласында қол қойылған
Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді
халықаралық тану туралы Будапешт шартына Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін
депозиттеуді халықаралық тану туралы
Будапешт шарты

1977 жылғы 28 сәуірде Будапеште қол қойылған

КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап

Одақтың құрылуы

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттер (бұдан әрі - "Уағдаласушы мемлекеттер" деп аталады) Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді халықаралық тану туралы одақ құрады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Шарт пен Нұсқаулықтың мақсаттары үшін:

(i) "патент" сілтемесі өнертабысқа, өнертабысқа арналған авторлық куәлікке, пайдалылық туралы куәлікке, пайдалы үлгілерге арналған патенттерге, қосымша патенттерге немесе қосымша куәліктерге, қосымша авторлық куәліктер мен пайдалылық туралы қосымша куәліктерге сілтемелер деп ұғынылуға тиіс;

(ii) "микроорганизмді депозиттеу" - бұл сөздер кездесетін мәтіннің толық мәнді мағынасына байланысты осы Шарт пен Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылатын мынадай іс-әрекеттерді білдіреді: микроорганизмді алатын және қабылдайтын депозиттеу жөніндегі халықаралық органға оны беру немесе осындай микроорганизмді депозиттеу жөніндегі халықаралық органның оны сақтауы, немесе аталып өткеніндей, оны беру сияқты, аталып өткеніндей, оны сақтау;

(iii) "патенттік рәсім" патентке арналған немесе патентке қатысты кез келген әкімшілік немесе құқықтық рәсімді білдіреді;

(iv) "патенттік рәсім мақсаттары үшін жарияланым" ресми жариялауды немесе патент алуға арналған өтінімнің ресми есептелуін немесе жалпы көпшілік қол жеткізетін танысулар үшін патент алуды білдіреді;

(v) "өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы" 9(1) бапқа сәйкес декларация берген кез келген ұйымды білдіреді;

(vi) "өнеркәсіптік меншіктің ведомствосы" патент беруге уәкілетті Уағдаласушы мемлекеттердің органын немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымын білдіреді;

(vii) "депозиттеу жөніндегі мекеме" микроорганизмдердің алынуын, қабылдануын

және сақталуын, сондай-ақ олардың үлгілерінің берілуін қамтамасыз ететін мекемені
б і л д і р е д і ;

(viii) "депозиттеу жөніндегі халықаралық орган" 7-бапқа сәйкес депозиттеу
жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алған депозиттеу жөніндегі мекемені
б і л д і р е д і ;

(ix) "депозитор" микроорганизмдерді алатын және қабылдайтын

депозиттеу жөніндегі халықаралық органға оны беретін жеке немесе заңды
тұлғаны, сондай-ақ аталған жеке немесе заңды тұлғаның кез келген құқықтық
мирасқорын білдіреді;

(x) "Одақ" 1-бапта айтылып өткен Одақты білдіреді;

(xi) "Ассамблея" 10-бапта айтылып өткен Ассамблеяны білдіреді;

(xii) "Ұйым" Дүниежүзілік интеллектуалдық меншіктің ұйымын білдіреді;

(xiii) "Халықаралық бюро" БИРПИ әзірге жұмыс істеп тұрған кездегі
Ұйымның Халықаралық бюросы мен Интеллектуалдық меншікті қорғау жөніндегі
халықаралық біріккен бюроны білдіреді;

(xiv) "Бас директор" Ұйымның Бас директорын білдіреді;

(xv) "Нұсқаулық" 12-бапта аталып өткен Нұсқаулықты білдіреді.

I ТАРАУ

МАТЕРИАЛДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

3-бап

Микроорганизмдерді депозиттеуді тану және оның салдары

(1)(a) Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді шешетін
немесе талап ететін Уағдаласушы мемлекеттер мұндай мақсаттар үшін депозиттеу
жөніндегі кез келген халықаралық органда микроорганизмді депозиттеуді таниды.
Мұндай тану депозиттеу жөніндегі аталған халықаралық органның депозиттеу фактісі
мен күнін тануды, сондай-ақ үлгі ретінде берілетіннің микроорганизм депозиттеудің
үлгісі болып табылатындығы фактісін тануды білдіреді.

(b) Кез келген Уағдаласушы мемлекет (a) тармақшасында аталып өткен депозиттеу
жөніндегі Халықаралық орган берген депозиттеу туралы қолхат көшірмесін талап ете
а л а д ы .

(2) Осы Шартпен және Нұсқаулықпен реттелетін мәселелерге қатысты бірде бір
Уағдаласушы мемлекет осы Шарт пен Нұсқаулықты көзделгеннен өзге немесе
қ о с ы м ш а т а л а п т а р д ы қ о я а л м а й д ы .

(1)(a) Егер депозиттеу жөніндегі халықаралық орган қандай да бір себеппен депозиттелген микроорганизм үлгісін бере алмайтын болса, атап айтқанда:

(i) егер мұндай микроорганизмдер бұдан былай тіршілікке қабілетсіз болса, немесе,

(ii) егер үлгілерді беру оларды шетелге жіберуді талап етсе, ал үлгілерді шетелге жөнелту немесе оларды шетелде алу экспорттық немесе импорттық шектеулер күшімен іске асырыла алмаса, үлгілерді ұсынуға жағдайы келмейтіндігі жөніндегі факт анықталған соң бұл орган дереу осы туралы себебін көрсете отырып депозиторға хабарлайды және депозитордың (2) тармақтың ережелерін ескере отырып және осы тармақта көзделгендегідей бастапқы депозиттелген микроорганизмді қайталап депозиттеуге қ ұ қ ы ғы б а р .

(b) Қайталап депозиттеу бастапқы депозиттеу жүзеге асырылған депозиттеу жөніндегі сол халықаралық органда жүзеге асырылады, алайда:

(i) егер бастапқы депозиттеу жасалған мекеме депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін немесе депозиттелген микроорганизмге қатысты мәртебесін толық жоғалтса немесе, егер бастапқы депозиттеуді жүзеге асырған депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиттелген микроорганизмдерге қатысты өз функциясын уақытша немесе түпкілікті тоқтататын болса, онда ол депозиттеу жөніндегі басқа халықаралық органда жүзеге асырылады;

(ii) (a) (ii) тармақшада аталып өткен жағдайда ол басқа депозиттеу жөніндегі халықаралық органда жүзеге асуы мүмкін.

(c) Кез келген қайталап депозиттеуге жаңадан депозиттелген микроорганизм сол бастапқы депозиттелген микроорганизм болып табылатындығы бекітіле отырып, депозитор қол қойған өтініш қоса тіркеледі. Егер депозитордың бұл бекітуі дау туғызатын болса, дәлелдеу салмағы қолданылып жүрген заңдармен реттеледі.

(d) (a)-(c) және (e) тармақшаларының ережелері ескеріле отырып, қайталап депозиттеу егер бастапқы депозиттелген микроорганизмдердің тіршілікке қабілеттілігі жөніндегі бұдан бұрынғы өтініштердің барлығы микроорганизмдерді тіршілікке қабілетті болды деп көрсетсе және егер (a) тармақшасында аталып өткен қайталап депозиттеу депозитор хабарлама алған күннен бастап үш ай шегінде жүзеге асырылса, бастапқы депозиттеу күніне жасалды деп есептеледі;

(e) егер (b)(i) тармақшасының ережелері қолданылып, депозитор (b)(i) тармақшасында аталып өткен аяқтау, шектеу немесе тоқтату жөніндегі Халықаралық бюроның хабары жарияланған күннен бастап алты ай ішінде (a) тармақшасында аталып өткен хабарламаны алмаған болса, (d) тармақшасында аталып өткен үш ай мерзім көрсетілген жарияланым күнінен бастап есептеледі.

(2) Егер депозиттелген микроорганизм депозиттеу жөніндегі басқа халықаралық органға берілген болса, бұл органның мұндай микроорганизм үлгілерін ұсынуға жай-күйі келгенге дейін (1)(а) тармақта аталып өткен құқықтың күші болмайды.

5 - б а п

Экспорт пен импорт саласындағы шектеулер

Әрбір Уағдаласқан мемлекет, кейбір микроорганизм түрлерінің экспорты мен импортына шектеу қойылып отырғандықтан және егер осы Шартқа сәйкес депозиттелген немесе депозиттеуге арналған микроорганизмдерге мұндай шектеу қолданылатын болса, мұндай шектеудің ұлттық қауіпсіздік мақсатына немесе денсаулыққа немесе қоршаған ортаға қауіп төнуіне байланысты болғанда ғана өте қажет екендігін мойындайды.

6 - б а п

Депозиттеу жөніндегі халықаралық органның мәртебесі

(1) Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алу үшін депозиттеу жөніндегі кез келген мекеме Уағдаласқан мемлекеттің аумағында орналасуға және бұл мекеме (2) тармақта көрсетілген шарттарға жауап беретіні және жауап беруді жалғастыра беретіндігіне қатысты осы мемлекет берген растамаларда мазмұндалған артықшылықтарды пайдалануға тиіс. Аталып өткен растаманы өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы да беруі мүмкін; мұндай жағдайда депозиттеу жөніндегі мекеме бұл ұйымға мүше мемлекеттің аумағында орналасуға тиіс.

(2) Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган ретінде депозиттеу жөніндегі мекеме:

(i) үздіксіз жұмыс істеп тұруға;

(ii) Нұсқаулықта көзделгеніндей, осы Шартқа сәйкес ғылыми және әкімшілік міндеттерді орындау үшін қажетті қызметшілері мен құрал-жабдықтары болуға;

(iii) әділ және объективті болуға;

(iv) депозиттеу мақсатындағы кез келген депозитор үшін тең жағдайда қолайлы болуға;

(v) депозиттеу үшін микроорганизмнің кез келген немесе белгілі бір түрін қабылдауға, олардың тіршілікке қабілеттілігін зерттеуге және Нұсқаулықта көзделгеніндей, оларды сақтауға;

(vi) Нұсқаулықта көзделгеніндей, депозиторға тіршілікке қабілеттілігі туралы қолхат пен кез келген талап етілген куәлікті беруге;

(vii) Нұсқаулықта көзделгеніндей, депозиттелген микроорганизмдерге қатысты құпиялық талаптарына бағынуға;

(viii) Нұсқаулықта көзделгеніндей, рәсімге сәйкес шарттарды сақтай отырып, кез

келген депозиттелген микроорганизмнің үлгілерін беруге тиіс.

(3) Нұсқаулық мынадай шаралардың қабылдануын көздейді:

(i) егер депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиттелген микроорганизмдерге қатысты өзінің функциясын орындауды уақытша немесе түпкілікті тоқтатса немесе оның ұсынылған растамаға сәйкес өзі қабылдауға тиісті микроорганизмдердің кез келген түрлерін қабылдаудан бас тартуы;

(ii) депозиттеу жөніндегі қандай да бір депозиттеу жөніндегі халықаралық органның халықаралық орган мәртебесін тоқтатқан немесе шектеген жағдайы.

7 - б а п

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алу

(1)(a) Депозиттеу жөніндегі мекеме депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін аумағында депозиттеу жөніндегі мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің Бас директорына жолданатын жазбаша хабарының пәрменімен және 6(2) бапта тұжырымдалған шарттарға жауап беретіндігі және жауап беруді жалғастыра беретіндігі мазмұндалған декларация бойынша алады. Аталып өткен мәртебе, сондай-ақ өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымының Бас директорға жолданған жазбаша хабарының пәрменімен және аталып өткен декларация мазмұнымен де а л ы н у ы м ү м к і н .

(b) Бұл хабар Нұсқаулықта көзделгеніндей, депозиттеу жөніндегі мекеме туралы ақпаратты қамтиды және онда депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесінің қай күннен бастап күшіне енетіндігі көрсетілуі мүмкін.

(2)(a) Егер Бас директор хабарда талап етілетін декларация қамтылған

деп тапса және барлық талап етілетін ақпарат алынған болса, онда

Халықаралық бюро бұл хабарды дереу жариялайды.

(b) Депозиттеу жөніндегі Халықаралық орган мәртебесіне хабар жарияланған күннен бастап ие болады немесе, егер ол күн (1)(b) тармаққа сәйкес көрсетілсе және хабар жарияланған күнге қарағанда неғұрлым кеш болса, - осы күннен бастап ие болады.

Рәсімнің (3)(1) және (2) тармақтарға сәйкес жан-жақты баяндалуы Нұсқаулықта көзделген.

8-бап

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін

тоқтату және шектеу

(1)(a) Кез келген Уағдаласушы мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің кез келген үкіметаралық ұйымы Ассамблеядан депозиттеу жөніндегі халықаралық орган ретіндегі кез келген органның мәртебесі 6-бапта санамалап көрсетілген шарттар сақталмаса немесе сақталмай отырса, микроорганизмнің белгілі бір түрлері бойынша тоқтатылуын немесе шектелуін талап ете алады. Алайда Уағдаласқан мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы тараптарынан болған мұндай талап 7(1)(a) бапта аталып өткен декларация жасауға қатысты депозиттеу жөніндегі халықаралық органға қ о л д а н ы л м а й д ы .

(b)(a) тармақшасына сәйкес талаптар қойылғанға дейін Уағдаласқан мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы Бас директор арқылы сол мемлекет пен ұйымның аталып өткен ескерту түскен күннен бастап алты ай мерзімде ұсынылған талапты енгізу қажеттігін жоюға мүмкіндік беретін тиісті шара қолдануға мүмкіндігі болуы үшін 7(1) бапқа сәйкес хабарланған Уағдаласушы мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы ұсынған талаптардың себептері туралы х а б а р д а р е т е д і .

(c) Егер Ассамблея талап жеткілікті түрде негізделген деп тапса, ол (a) тармақта аталып өткен бұл органның микроорганизмнің белгілі бір түрлерін депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін тоқтату немесе шектеу туралы шешім шығарады. Ассамблеяның бұл шешімі осы талапты қанағаттандыру пайдасына берілген дауыстың үштен екісінен артық болуын талап етеді.

(2)(a) Уағдаласқан мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы 7(1)(a) бапта аталып өткен куәландырылған декларацияны ұсына отырып, Бас директор атына хабарлау арқылы өз декларациясын не толық үйінде, не тек белгілі бір микроорганизмдер түріне ғана қатысты қайтарып ала алады, егер куәландыру, оның ішінде бар нәрселер бұдан әрі жарамсыз болса, кез келген жағдайда өз декларациясын қ а й т а р ы п а л у ғ а т и і с .

(b) Мұндай хабар, егер ол тұтастай декларацияға қатысты болса, Нұсқаулықта көзделген күннен бастап депозиттеу жөніндегі халықаралық органның мәртебесін тоқтатуға немесе, егер микроорганизмдердің белгілі бір түрлеріне ғана қатысты болса, бұл мәртебені соған сәйкес шектеуге әкеп соғады.

(3) Рәсімнің (1) және (2) тармақтарға сәйкес жан-жақты баяндалуы Нұсқаулықта к ө з д е л г е н .

9 - б а п

Өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдары

(1)(a) Бірнеше мемлекет аймақтық патенттер беруді тапсырған кез келген үкіметаралық ұйым және өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Халықаралық (Париж

) одағының мүшесі болып табылатын барлық мүше мемлекеттер Бас директорға өздерінің 3(1)(а) тармағында көзделген, 3(2) бапта аталып өткен талаптарға қатысты міндеттемені тану туралы міндеттеме қабылдайтындығы жөнінде декларация бере алады және өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымына қолданылатын осы Шарт пен Нұсқаулықтың ережелерінен шығатын барлық зардап-салдарды мойындайды. Егер алдыңғы сөйлемде аталған декларация 16(1) бапқа сәйкес осы Шарт күшіне енгенге дейін берілетін болса, онда оның қолданылуы аталып өткен күшіне енген күннен басталады. Декларация осы Шарт күшіне енгеннен кейін берілген жағдайда, оның қолданылуы, егер онда неғұрлым кейінгі күн көрсетілмеген болса, декларация берген күннен бастап үш ай өткен соң басталады. Соңғы жағдайда декларацияның күшіне енуі осындай жолмен көрсетілген күннен басталады.

(b) Жоғарыда көрсетілген ұйым 3(1)(b) бапта көзделген құқыққа ие болады.

(2) Осы Шарт пен Нұсқаулықтың өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы мүддесін қозғайтын кез келген ережесін қайта қараған немесе оған түзету енгізген кезде кез келген өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы (1) тармақта аталып өткен Бас директорға хабарлама жіберу жолымен өз декларациясын кері қайтарып алуына болады. Мұндай кері қайтарып алу:

(i) қайта қаралған немесе өзгертілген ережелер күшіне енетін күнге дейін хабарлама алған жағдайда - сол күннен бастап;

(ii) (i) тармақшасында аталып өткен күннен кейін хабарлама алған жағдайда - хабарламада көрсетілген күннен немесе ондай нұсқау жоқ болған кезде хабарламаны алған күннен бастап үш айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

(3) (2) тармақта аталып өткен жағдайға қосымша ретінде, өнеркәсіптік меншіктің кез келген үкіметаралық ұйымы (1)(а) тармақта аталған өз декларациясын Бас директорға хабарлама жіберулері жолымен кері қайтарып алуына болады. Бұл кері қайтарып алу Бас директор хабарламаны алған күннен бастап екі жыл өткен соң күшіне енеді. Осы тармаққа сәйкес, бірде бір кері қайтарып алу жөніндегі хабарлама декларация күшіне енген күннен бастап бес жыл бойы қабылданбайды.

(4) (2) және (3) тармақтарда аталған өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы жасаған кері қайтарып алу, 7(1) бапқа сәйкес, депозиттеу жөніндегі мекемеге депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алуға мүмкіндік беретін хабар Бас директордың кері қайтарып алу туралы хабарлама алған күнінен бастап бір жылдан кейін мұндай мәртебені тоқтатуға әкеп соғады.

(5) (1)(а) тармақта аталып өткен кез келген декларация (2) немесе (3) тармақта аталып өткен кері қайтарып алу жөніндегі хабарлама, 6(1) баптың екінші сөйлеміне сәйкес тапсырылған және 7(1)(а) бапқа сәйкес жасалған декларацияға қосылған растама , 8(1) бапқа сәйкес жасалған талап және 8(2)

бапта аталып өткен кері қайтарып алу туралы хабар өнеркәсіптік меншіктің

(мүшелері осы ұйымның барлық мүше мемлекеттері болып табылатын)
үкіметаралық ұйымының жоғары басшы органының алдын ала айрықша мақұлдауын
және осындай мемлекеттер үкіметтерінің ресми өкілдері қабылдайтын
шешімдерді талап етеді.

II ТАРАУ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

10-бап Ассамблея

(1)(a) Ассамблея Уағдаласқан мемлекеттерден тұрады.

(b) Әрбір Уағдаласушы мемлекетті бір делегат білдіреді, оның орынбасарлары,
кеңесшілері мен сарапшылары болады.

(c) Өнеркәсіптік меншіктің әрбір үкіметаралық ұйымын Ассамблея отырыстарында,
сондай-ақ Ассамблея құратын кез келген комитет пен жұмыс тобында арнайы
байқаушылар білдіреді.

(d) Одаққа мүше болып табылмайтын, бірақ өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі
Ұйымның немесе Халықаралық (Париж) одағының мүшесі болып табылатын кез
келген мемлекет және 2(v) бапта айқындалғанындай, патент саласына маманданатын
және өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы болып табылмайтын кез келген
үкіметаралық ұйым Ассамблея отырыстарына, егер Ассамблея осындай шешім
қабылдаса, Ассамблея құрған кез келген комитеттің немесе жұмыс тобының
отырыстарына байқаушылар болып қатысуы мүмкін.

(2) (а) А с с а м б л е я :

(i) Одақты сақтау мен дамытуға және осы Шартты қолдануға қатысты барлық
мәселелерді қарайды ;

(ii) осы Шартқа сәйкес оған арнайы жүктелген немесе оған тапсырылған осындай
құқықтарды жүзеге асырады және осындай міндеттерді орындайды.

(iii) Бас директорға қайта қарау жөніндегі конференцияны әзірлеуге қатысты
нұсқаулар береді ;

(iv) Бас директордың Одаққа қатысты есебі мен қызметін қарап, бекітеді және оған
Одақ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті нұсқаулықтар береді ;

(v) Одақ жұмысына жәрдемдесуге қажетті деп есептелетін осындай комитеттер мен
жұмыс топтарын құрады ;

(vi) (1)(d) тармағының ережелерін ескере отырып, қандай мемлекеттердің
Уағдаласушы мемлекет болып табылмайтындығын, қандай үкіметаралық ұйымдардың

2(ү) бапта айқындалғандай, өнеркәсіптік меншіктік үкіметаралық ұйымы болып табылмайтындығын және қандай халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың байқаушы ретінде оның отырысына жіберілетіндігін және депозиттеу жөніндегі халықаралық органдардың байқаушысы ретінде оның отырысына қандай дәрежеде жіберілетіндігін а й қ ы н д а й д ы ;

(vii) Одақтың мақсатына жетуге бағытталған кез келген басқа да тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

(viii) осы Шарттан шығатын барлық басқа міндеттерді орындайды.

(b) Ассамблея ұйым әкімшілік ететін басқа да Одақтар үшін мүдделілік тудыратын мәселелер бойынша Ұйымның Үйлестіру комитетінің пікірін тыңдап, шешімдер қабылдайды.

(3) Делегат бір мемлекетті ғана білдіре алады және соның атынан ғана дауыс береді.

(4) Әрбір Уағдаласушы мемлекет бір дауысқа ие.

(5)(a) Уағдаласушы мемлекеттердің жартысы кворумды құрайды.

(b) Кворум болмаған кезде Ассамблея шешімдер қабылдай алады, алайда Ассамблеяның жеке рәсімдік ережелерге қатысты жекелеген шешімдерін қоспағандағы барлық шешімдері Нұсқаулықта көрсетілгеніндей, кворум мен қажетті көпшілік дауысқа хат жазысу арқылы дауыс берумен қол жеткізгенде ғана күшіне енеді.

(6)(a) Ассамблея 8(1)(c), 12(4) және 14(2)(b) баптардың ережелерін

ескере отырып, өз шешімдерін берілген көпшілік дауыспен қабылдайды.

(b) Қалыс қалғандардың дауыстары есепке алынбайды.

(7)(a) Ассамблея кезекті сессияға үш жылда бір рет Бас директордың шақыруы бойынша, мүмкіндігінше Ұйымның Бас Ассамблеясы орналасқан жерде және сол уақытта жиналады.

(b) Ассамблея Бас директор шақыратын төтенше сессияға не оның өз бастамашылығы бойынша, не Уағдаласушы мемлекеттердің төрттен бірінің талап етуі бойынша жиналады.

(8) Ассамблея рәсімнің өзіндік ережелерін қабылдайды.

11-бап

Халықаралық бюро

(1) Халықаралық бюро:

(i) Одақтың әкімшілік міндеттерін, атап айтқанда, осы Шарт пен Нұсқаулыққа сәйкес немесе Ассамблея оған арнайы жүктеген міндеттерді жүзеге асырады;

(ii) Ассамблея, Ассамблея құратын комитеттер мен жұмыс топтары және Бас директор шақыратын және Одаққа қатысты мәселелерді қарайтын басқа да кез келген отырыстардың, қайта қарау жөніндегі конференцияның хатшылығы функцияларын о р ы н д а й д ы .

(2) Бас директор Одақтың басты лауазымды адамы болып табылады және ол О д а қ т ы б і л д і р е д і .

(3) Бас директор Одаққа қатысты мәселелерді қарайтын барлық отырыстарды ш а қ ы р а д ы .

(4)(a) Бас директор және ол тағайындаған кез келген қызметшілер мүшесі Ассамблеяның және Ассамблея құратын комитеттер мен жұмыс тобының, сондай-ақ Одаққа қатысты мәселелерді қарайтын және Бас директор шақыратын басқа да кез келген отырыстарға дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(b) Бас директор немесе ол тағайындаған қызметшілер мүшесі Ассамблеяның, сондай-ақ (a) тармақшасында аталып өткен комитеттердің, жұмыс топтары мен басқа да отырыстардың ex officio хатшысы болып табылады.

(5)(a) Бас директор Ассамблея нұсқауларына сәйкес қайта қарау жөніндегі конференцияға әзірлікті жүзеге асырады.

(b) Бас директор қайта қарау жөніндегі конференцияға әзірлік мәселелері бойынша үкіметаралық және халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен кеңесе алады.

(c) Бас директор және ол тағайындаған адамдар қайта қарау жөніндегі конференция жұмысына дауыс беру құқығынсыз қатысады.

(d) Бас директор немесе ол тағайындаған қызметшілер мүшесі қайта қарау жөніндегі кез келген конференцияның ex officio хатшысы болып табылады.

12-бап

Нұсқаулық

(1) Нұсқаулықта:

(i) осы Шарттың Нұсқаулыққа арнайы сілтеме жасауына қатысты, немесе олардың белгіленгенін немесе белгіленетінін арнайы көздейтін талаптарға;

(ii) кез келген әкімшілік талаптарына, мәселелерге немесе рәсімдерге;

(iii) осы Шарттың қолданылуы үшін пайдалы болатын кез келген жан-жақты баяндалуға қатысты ережелер көзделген;

(2) Осы Шартпен бір мезгілде қабылданатын Нұсқаулық осы Шартқа қоса тіркеледі.

(3) Ассамблеяның Нұсқаулыққа түзетулер енгізу құқығы болады.

(4)(a) Нұсқаулыққа енгізілетін кез келген түзетулерді қабылдау үшін

(b) тармақшасындағы ережелер ескеріле отырып, берілген дауыстардың үштен екісінің көпшілік даусы талап етіледі.

(b) Депозиттеу жөніндегі халықаралық органның депозиттелген микроорганизм үлгілерін беруге қатысты кез келген түзетуін қабылдау үшін Уағдаласушы мемлекеттің бірде біреуінің ұсынылған түзетуге қарсы дауыс бермеу талап етіледі.

(5) Осы Шарттың ережелері мен Нұсқаулықтың ережелері арасында алшақтық болған жағдайда Шарттың ережелері қолданылады.

III ТАРАУ ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУЛЕР

13-бап

Шарттың қайта қаралуы

(1) Осы Шарт Уағдаласушы мемлекеттердің конференциясында уақыт өте келе қайта қаралуы мүмкін.

(2) Қайта қарау жөніндегі кез келген конференцияны шақыру туралы шешімді Ассамблея қабылдайды.

(3) 10 және немесе 11-баптарға түзетулерді не қайта қарау жөніндегі конференцияда немесе 14-бапқа сәйкес қабылдай алады.

14-бап

Шарттың кейбір ережелеріне түзетулер

(1)(a) Осы бапқа сәйкес 10 және 11-баптарға түзету енгізу жөніндегі ұсыныстарды кез келген Уағдаласушы мемлекет немесе Бас директор жасай алады.

(b) Мұндай ұсыныстарды Бас директор Уағдаласушы мемлекеттерге бұлар Ассамблеяда қаралғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын жібереді.

(2)(a) (1) тармақта аталып өткен баптарға түзетулерді Ассамблея қабылдайды.

(b) 10-бапқа кез келген түзетудің қабылдануы үшін берілген дауыстардың бестен төртінің көпшілік дауысы талап етіледі; 11-бапқа кез келген түзетудің қабылдануы үшін берілген дауыстардың төрттен үшінің көпшілік даусы талап етіледі.

(3)(a)(1) тармақта аталып өткен баптарға кез келген түзету ол осы түзету қабылданған кезде Ассамблея мүшесі болған Уағдаласушы мемлекеттердің төрттен үшінен оның қабылданғаны туралы әр мемлекеттің конституциялық рәсіміне сәйкес жүзеге асырылған жазбаша хабарламаны Бас директор алғаннан кейін бір айдан соң к ү ш і н е е н е д і .

(b) Осындай жолмен қабылданған аталған баптарға түзетулер Ассамблея түзетулерді қабылдаған кезде Уағдаласушы мемлекеттер болып табылатын барлық Уағдаласушы мемлекеттер үшін міндетті болады; алайда, аталып өткен Уағдаласушы мемлекеттер үшін қаржылық міндеттемелер тудыратын немесе мұндай міндеттемелерді арттыратын кез келген түзету осындай түзетуді

қабылдағаны туралы хабарлама жасаған Уағдаласушы мемлекеттер үшін ғана міндетті болып табылады.

(c) (a) тармақшасының ережелеріне сәйкес қабылданып, қолданысқа енгізілетін кез келген түзету Ассамблея осы түзетуді қабылдаған күннен кейін Уағдаласушы мемлекеттер болатын барлық мемлекеттер үшін міндетті.

IV ТАРАУ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15-бап Шартқа қатысу

(1) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Халықаралық (Париж) одаққа мүше - кез келген мемлекет:

(i) бекітілген грамотаны бұдан кейін сақтауға тапсыра отырып Шартқа қол қою; немесе

(ii) Шартқа қосылу жөніндегі актіні сақтауға тапсыру жолымен Осы Шартқа қатысушы бола алады.

(2) Бекітілген грамоталар немесе қосылу туралы актілер Бас директордың сақтауына тапсырылады.

16-бап Шарттың күшіне енуі

(1) Осы Шарт өздерінің бекіту грамоталарын немесе қосылу туралы актілерін

сақтауға тапсырған алғашқы бес мемлекет үшін бекітілген бесінші грамотаны немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырған күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

(2) Осы Шарт, егер бекіту грамотасында немесе қосылу туралы актіде тым кеш күн көрсетілмесе, кез келген басқа мемлекеттер үшін осы мемлекеттің бекіту грамотасын немесе қосылу туралы актіні сақтауға тапсырған күнінен кейін үш ай өткен соң күшіне енеді. Осы Шарт соңғы жағдайда бұл мемлекетке қатысты күш осындай жолмен көрсетілген күні күшіне енеді.

17-бап

Шарттың күшінің жойылуы

(1) Кез келген Уағдаласушы мемлекет Бас директорға хабарлама жолдау арқылы осы Шарттың күшін жоя алады.

(2) Күшін жою Бас директор бұл хабарламаны алған күннен бастап екі жылдан кейін күшіне енеді.

(3) (1) тармақта көзделген күшін жою құқығын бірде бір Уағдаласушы мемлекет өзі осы Шартқа қатысушы болған күннен бастап бес жыл мерзім өтпейінше пайдалана а л м а й д ы .

(4) 7(1)(а) бапта аталып өткен декларация жасаушы Уағдаласушы мемлекеттердің депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алған депозиттеу жөніндегі мекемеге қатысты осы Шарт күшінің жойылуы (1) тармақта аталып өткен хабарламаны Бас директор алған күннен бастап бір жылдан кейін мұндай мәртебенің тоқтатылуына ә к е п с о ғ а д ы .

18 - б а п

Шарттың тілі және оған қол қою

(1)(а) Осы Шарттың ағылшын және француз тілдеріндегі түпнұсқасына қол қойылады әрі екі мәтіннің де заңдық құқығы бірдей болады.

(b) Осы Шарттың ресми мәтіндерін осы Шартқа қол қойылған күннен бастап екі ай ішінде Бас директор мүдделі үкіметтермен кеңескеннен кейін Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымын құратын Конвенцияға қол қойған басқа тілдерде ж а с а й д ы .

(c) Осы Шарттың ресми мәтіндерін Бас директор мүдделі үкіметтермен кеңескеннен кейін араб, итальян, неміс, португал және жапон тілдерінде, сондай-ақ Ассамблея

белгілейтін басқа да тілдерде жасайды.

(2) Осы Шарт Будапештте қол қою үшін 1977 жылдың 31 желтоқсанына дейін ашық болады.

19 - бап

Шартты сақтау; көшірмелерді жөнелту; Шартты тіркеу

(1) Осы Шарттың түпнұсқа мәтіні ол қол қою үшін жабылғаннан кейін Бас директордың сақтауына тапсырылады.

(2) Бас директор осы Шарт пен Нұсқаулықтың өзі куәландырылған екі көшірмесін 15(1) бапта айтылып өткен барлық мемлекеттердің үкіметтеріне, 9(1)(а) бапқа сәйкес декларация бере алатын үкіметаралық ұйымдарға және талап етуі бойынша кез келген басқа мемлекеттің үкіметіне жібереді.

(3) Бас директор осы Шартты Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркеуден өткізеді.

(4) Бас директор осы Шарт пен Нұсқаулыққа жасалған кез келген түзетудің өзі куәландырған екі көшірмесін барлық Уағдаласушы мемлекеттерге, өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарына және талап етуі бойынша кез келген басқа мемлекеттің үкіметі мен 9(1)(а) бапқа сәйкес декларация бере алатын кез келген басқа үкіметаралық ұйымға жібереді.

20 - бап

Хабарлама

Бас директор Уағдаласушы мемлекеттерге, өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарына және Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі халықаралық (Париж) одақтың мүшесі болып табылатын және Одақтың мүшесі емес мемлекеттерге де:

(i) 18-бапқа сәйкес қол қоюлар туралы;

(ii) 15(2) бапқа сәйкес бекітілетін грамоталарды немесе қосылу туралы актілерді сақтауға тапсыру туралы;

(iii) 9(1)(а) баптың ережелеріне сәйкес берілген декларациялар мен 9(2) немесе (3) бапқа сәйкес кері қайтарып алу жөніндегі хабарламалар туралы;

(iv) 16(1) бапқа сәйкес осы Шарттың күшіне енген күні туралы;

(v) 7 және 8-баптарға сәйкес хабарлар, сондай-ақ 8-бапқа сәйкес шешімдер туралы;

(vi) 14(3) бапқа сәйкес осы Шартқа енгізілген түзетулер туралы;

(vii) Нұсқаулыққа кез келген түзету туралы;

- (viii) Шартқа немесе Нұсқаулыққа түзетудің күшіне енетін күні туралы;
(ix) 17-бапқа сәйкес жасалған күшін жою туралы хабарлама жасайды.

Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді
халықаралық тану туралы Будапешт шартына
Нұсқаулық*

(1981 жылғы 31 қаңтар)

* Күшіне енуі (соңғы өзгерістерімен): 1981 жылғы 31 қаңтар.

Ескерту: осы Нұсқаулық 1977 жылғы 28 сәуірде қабылданған, 1981 жылғы 20 қаңтарда өзгерістер енгізілген.

1-ереже

Қысқартылған сөйлемдер және қол қою сөзіне түсініктеме беру

1.1 "Шарт"

Осы Нұсқаулықтағы "Шарт" сөзі Микроорганизмдерді патенттік рәсім мақсаттары үшін депозиттеуді халықаралық тану туралы Будапешт шартын білдіреді.

1.2 "Бап"

Осы Нұсқаулықтағы "Бап" сөзі Шарттың белгілі бір бабына қатысты.

1.3 "Қол қою"

Осы Нұсқаулықтағы "қол қою" сөзін, егер аумағында осы орган орналасқан мемлекеттің заңдары қол қою орнына "мөр" сөзінің қолданылуын талап етсе, депозиттеу жөніндегі халықаралық органның мақсаты үшін "мөр" сөзін білдіреді деп түсінген жөн.

2-ереже

Депозиттеу жөніндегі халықаралық органдар

2.1 "Құқықтық мәртебе"

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган қоғамдық әкімшілік органы жанындағы орталық үкіметке жатпайтын қоғамдық ұйымды қоса алғандағы үкіметтік мекеме немесе жекеменшік ұйым болуы мүмкін.

2.2 Қызметшілер мен құрал-жабдықтар

6 (2) (ii) бапта аталып өткен шарттар, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

(i) кез-келген депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиттелген микроорганизмдерді қорғау кезінде бұл органда микроорганизмдердің тіршілікке қабілеттілігі мен ласталмауын сақтауды қамтамасыз ететін қызметшілер мен құрал-жабдықтар болуға тиіс;

(ii) кез-келген депозиттеу жөніндегі халықаралық орган микроорганизмдерді сақтау үшін ондағы депозиттелген микроорганизмдердің жоғалу қаупін барынша азайту мақсатымен оның алдын алудың жеткілікті шараларын көздеуге тиіс.

2.3 Үлгілерді беру

6 (2) (ii) бапта аталып өткен шарттар, атап айтқанда, кез-келген депозиттеу жөніндегі халықаралық органның депозиттелген микроорганизмдердің үлгілерін тез және лайықты түрде беруге тиісті екендігі туралы талаптарды қамтиды.

3 - е р е ж е

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесіне ие болу

3.1 Х а б а р

(a) 7(1) бапта аталып өткен хабар Бас директорға, Уағдаласушы мемлекеттер жағдайында - дипломатиялық арналар бойынша немесе Өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы жағдайында - осы ұйымның басты лауазымды адамы арқылы жіберіледі.

(b) Х а б а р д а :

(i) хабарға қатысы бар депозиттеу жөніндегі мекеменің атауы мен мекен-жайы көрсетілуге;

(ii) аталған мекеменің құқықтық мәртебесі, ғылым саласындағы жағдайы, қызметшілері мен құрал-жабдықтары жөніндегі ақпаратты қоса алғанда 6 (2) бапта көзделген шарттарға сай келетін қабілеті туралы жан-жақты мәліметтер болуға;

(iii) егер аталып өткен депозиттеу жөніндегі мекеме белгілі бір микроорганизмдер түрлерін ғана депозиттеуге қабылдау ниетінде болса, ондай түрлерді санамалап көрсетуге;

(iv) аталып өткен мекеме депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алғаннан кейін микроорганизмдерді сақтағаны, тіршілікке қабілеттілігі туралы куәліктер мен үлгілерді бергені үшін алатын кез-келген баж көлемін көрсетуге;

(v) аталып өткен мекеменің ресми тілін немесе тілдерін көрсетуге;

(vi) 7(1)(a) бабында аталған күн мұның қолданылатын жағдайында көрсетілуге тиіс.

3.2 Хабарға байланысты іс-әрекеттер

Егер хабар 7(1) баптың ережелері мен 3.1 ережесіне сәйкес келсе, Бас директор ол туралы барлық Уағдаласушы мемлекеттерді және өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарын дереу хабардар етеді және ол хабарды Халықаралық бюро дереу жариялайды.

3.3 Микроорганизмдердің қабылданатын түрлері тізімінің кеңейтілуі

7(1) бапта аталып өткен, хабар берген Уағдаласушы мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы олар тапсырған растамалардың бұл уақытқа дейін осы растамалар қолданылмаған микроорганизмдердің белгілі бір түрлеріне қолданылатындығы туралы Бас директорды кез келген уақытта хабардар ете алады. Мұндай жағдайда және микроорганизмдердің қосымша түрлеріне қатысты болатын шамада 7(1) баптың шарттары мен 3.1 және 3.2 ережелеріндегі *mutatis mutandis* қолданылады.

4-ереже

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін тоқтату немесе шектеу

4.1 Қойылатын талап, талапқа байланысты іс-әрекеттер

(a) 8(1) бапта айтылып өткен талап, 3.1 (a) ережесінің шарттарына сәйкес, Бас директорға жолданады.

(b) Талапта:

(i) тиісті депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен-жайы көрсетілуге;

(ii) егер ол белгілі бір микроорганизмдер түрлеріне ғана қатысты болса, микроорганизмдердің мұндай түрлері санамаланып шығуға;

(iii) талап негізделген фактілер жан-жақты баяндалуға тиіс.

(c) Егер талап (a) және (b) тармақтарының ережелеріне жауап бере алса, Бас директор ол туралы барлық Уағдаласушы мемлекеттерді және өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарын дереу хабардар етеді.

(d) (e) тармағының ережелерін ескере отырып, Ассамблея талаптарды талап туралы

хабарланған сәттен бастап алты айдан аспайтын және сегіз айдан кешіктірілмейтін
м е р з і м д е қ а р а й д ы .

(е) Егер Бас директордың пікірі бойынша (d) тармағында көзделген мерзімді сақтау нақты немесе әлеуетті депозиторлардың мүдделеріне зала келтірілетіндей болса, ол (d) тармағында көзделген мерзімнен ерте Ассамблеяны шақыра алады.

(f) Егер Ассамблея депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін белгілі бір микроорганизм түрлері бойынша тоқтату немесе шектеу туралы шешім қабылдайтын болса, алты айлық мерзім өтетін күннен бұрын аталып өткен шешім ол қабылдаған күннен бастап үш ай өткен соң күшіне енеді.

4.2 Хабар; күшіне енетін күні; хабарға байланысты іс-әрекеттер

(a) 8(2) бапта аталып өткен хабар 3.1 (a) ережесіне сәйкес Бас директорға жіберіледі

(b) Х а б а р д а :

(i) тиісті депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен-жайы көрсетілуге ;

(ii) егер ол белгілі бір микроорганизмнің түрлеріне ғана қатысты болса, ондай микроорганизмдердің мұндай түрлері санамаланып шығарылуға;

(iii) егер осы хабарды беріп отырған Уағдаласушы мемлекет немесе Өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы 8(2) (b) бапта көзделген салдар хабарланған күннен үш айлық кезең өтетін күннің кешірек келгенін қалайтын болса, осы кешірек келетін күн көрсетілуге т и і с .

(c) (b) (iii) тармағының ережелерін қолданған кезде 8 (2) (b) бапта көзделген салдар осы тармаққа сәйкес хабарда көрсетілетін күн туады; олай болмаған жағдайда хабарланған күннен бастап үш айлық мерзім өткеннен кейін туады.

(d) Бас директор Уағдаласушы мемлекеттер мен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарын 8(2) (b) бапқа сәйкес алынған кез келген хабарлар туралы және оның (c) тармағына сәйкес күшіне енетін күні жөнінде дереу хабардар етеді. Тиісті хабарды Халықаралық бюро дереу жариялайды.

4.3 Депозиттеу кезінде туатын салдар

8(1), 8(2), 9(4) немесе 17(4) баптардың ережелеріне сәйкес, депозиттеу жөніндегі халықаралық органның мәртебесі тоқтатылған немесе шектелген жағдайда 5.1 *mutatis mutandis* е р е ж е с і қ о л д а н ы л а д ы .

5 - е р е ж е

Депозиттеу жөніндегі халықаралық органның дәрменсіздігі

5.1 Депозиттелген микроорганизмдерге қатысты функцияларды орындауды тоқтату

(a) Егер депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган кез келген сонда депозиттелген микроорганизмдерге қатысты Шарт пен осы Нұсқаулыққа сәйкес орындауға тиіс болатын кез келген функциясын орындауды уақытша немесе түпкілікті тоқтатса, 6(1) баптың ережелеріне сәйкес сол органға қатысты растамалар берген Уағдаласушы мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы:

(i) барынша мүмкін болатын дәрежеде бұзылмаған немесе ластанбаған барлық осындай микроорганизмдер үлгілерінің аталған органнан ("дәрменсіз органнан") басқа депозиттеу жөніндегі халықаралық органға ("орнын басушы органға") дереу берілуін қамтамасыз етуге тиіс;

(ii) барынша мүмкін болатын дәрежеде орнын басушы органның дәрменсіз органға жіберілген барлық пошталық және өзге де хабарларын, сондай-ақ аталып өткен микроорганизмдерге қатысты және сол органның қарауында болатын барлық құжаттар мен басқа да тиісті ақпараттарды дереу жіберуді қамтамасыз етуге тиіс;

(iii) барынша мүмкін болатын дәрежеде дәрменсіз органға барлық мүдделі депозиторлардың орындалған қызметінің тоқтатылуы туралы және олар жасаған жіберілімдер туралы дереу хабардар етуді қамтамасыз етуге тиіс;

(iv) Бас директорды (i) - (iii) тармақшаларына сәйкес Уағдаласушы мемлекеттер мен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдары қабылдаған көрсетілген тоқтатылудың фактісі мен дәрежесі туралы және шаралары туралы дереу хабардар етуге тиіс;

(b) Бас директор (a) (iv) тармағына сәйкес алынған хабарлама туралы уағдаласушы мемлекеттер мен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарын, сондай-ақ өндірістік меншік ведомстволарын дереу хабардар етеді; Бас директордың хабарламасын және ол алған хабарламаны Халықаралық бюро дереу жариялайды.

(c) Қабылданатын патенттік рәсімге сәйкес, 7.5. ережеде аталып өткен қолхатты алысымен, дереу бастапқы депозиттеуге сілтеме жасай отырып, патентке өтінім берілген кез келген өндірістік меншік ведомствосына орнын басушы органның осы депозиттеуге берген жаңа тіркеу нөмірін депозитордың хабарлауы талап етілуі мүмкін.

(d) орнын басушы орган дәрменсіз орган берген тіркеу нөмірін жаңа тіркеу нөмірімен бірге дұрыстап сақтайды.

(c) (a) (i) тармағына сәйкес жасалған кез келген берулерге қосымша ретінде, дәрменсіз орган, депозитордың сұрау салуы бойынша, мүмкіндігіне қарай, сонда депозиттелген кез келген микроорганизмнің үлгісін барлық пошталық және өзге де хабарлардың көшірмелерімен, сондай-ақ (a)(ii) тармағында аталып өткен барлық құжаттар мен басқа да тиісті ақпараттардың көшірмелерімен бірге орнын басушы органнан басқа депозитор көрсеткен кез келген депозиттеу жөніндегі халықаралық органға береді, депозитор дәрменсіз органға осы үлгінің берілуіне байланысты кез келген шығындарды төлеуі шарт.

(f) кез келген мүдделі депозитордың сұрау салуы бойынша, сонда депозиттелген микроорганизмдер үлгілерін дәрменсіз орган бұл ол үшін қаншалықты мүмкін

5.2 Микроорганизмдердің кейбір түрлерін қабылдаудан бас тарту

(а) Егер депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган тапсырылған растамалар негізінде қабылдау міндетті болатын микроорганизмдердің кез келген түрін депозиттеуге қабылдаудан бас тартса, 7(1)(а) бапқа сәйкес сол органға қатысты декларация жасаған Уағдаласушы мемлекет пен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы Бас директорды тиісті фактілер мен қабылданған шаралар жөнінде дереу х а б а р д а р е т е д і .

(b) Бас директор басқа Уағдаласушы мемлекеттер мен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарын (а) тармағына сәйкес алынған хабарлама туралы дереу хабардар етеді. Бас директордың хабарламасын және ол алған хабарламаны Халықаралық бюро дереу жариялайды.

б - е р е ж е

Бастапқы және қайталап депозиттеудің жүзеге асырылуы

6.1 Б а с т а п қ ы д е п о з и т т е у

(а) Депозитордың депозиттеу жөніндегі халықаралық органға беретін микроорганизміне 6.2. ережесі қолданылуын талап ететін жағдайды қоспағанда, депозитор қол қойған және мыналар қамтылған жазбаша арыз ұсынылады:

(i) депозиттеудің Шартқа сәйкес жүзеге асырылғанын білдіретін нұсқау мен 9.1. ережесінде көрсетілген кезең ішінде депозиттелген микроорганизмді алып қоймау т у р а л ы м і н д е т т е м е ;

(ii) депозитордың аты мен мекен-жайы;

(iii) микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігін культивациялау, сақтау және тексеру үшін, сондай-ақ егер микроорганизмдік қоспасы депозиттелсе, сол қоспаның құраластарын және олардың бар екенін тексеруге мүмкіндік беретін әдістеменің кем дегенде біреуін сипаттау үшін қажетті шарттардың жан-жақты баяндалуы;

(iv) депозитордың бұл микроорганизмге таққан айырып-тану сілтемесі (нөмірі, н ы ш а н д а р ы ж ә н е т . б .) ;

(v) микроорганизм қасиеттерінің денсаулыққа немесе қоршаған ортаға қауіпті немесе қауіпті болып табылуы мүмкін екендігі туралы немесе депозиторға мұндай қасиеттердің белгісіз екендігі туралы нұсқаулар.

(b) (а) тармағында аталып өткен жазбаша өтініште депозиттелетін микроорганизмнің ғылыми сипаттамасы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындамасының қамтылуы баса талап етіледі.

6.2 Қ а й т а л а п д е п о з и т т е у

(a) (b) тармағының ережелері ескеріле отырып, 4-бапқа сәйкес қайталап депозиттеу жүзеге асырылған кезде депозитордың депозиттеу жөніндегі халықаралық органға беретін микроорганизміне бұрынғы депозиттелу туралы қолхаттың көшірмесі, микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігін көрсететін, бұрын депозиттеу объектісі болып табылған микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәліктің соңғы көшірмесі және мыналар қамтылатын, депозитор қол қойған жазбаша өтініші қоса т і р к е л е д і :

(i) 6.1 (a) (i)-(v) ережесінде аталып өткен мәліметтер;

(ii) 4 (1) (a) бабына сәйкес қайталап депозиттеудің себептері көрсетілген декларация , қайталап депозиттелген микроорганизм де бұрынғы депозиттелген микроорганизм болып табылатындығын растайтын өтініш және 4(1)(a) бабында аталып өткен депозитор хабарлама алған күннің көрсетілуі немесе мән-жайға қарай, 4(1)(e) бабында аталып өткендей, жарияланған күні;

(iii) егер қандай да бір ғылыми сипаттама (лар) және/немесе ұсынылып отырған таксономиялық айқындама (лар) өткен депозиттеуге байланысты көрсетілген болса, бұрынғы депозиттеу жасаған депозиттеу жөніндегі халықаралық органға хабарланған түрдегідей (түрлердегідей) соңғы ғылыми сипаттамасы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындамасы .

(b) Егер қайталап депозиттеу сол бұрынғы депозиттеу органында жүзеге асырылған болса, (a)(i) тармағының ережелері қолданылмайды.

(c) (a) және (b) тармақтарының, сондай-ақ 7.4. ережесінің мақсаттары үшін "алдағы депозиттеу" :

(i) егер осы қайталап депозиттеудің алдында бір немесе бірнеше қайталап депозиттеу болған болса, басқа қайталап депозиттеудің ішіндегі соңғысын;

(ii) егер осы қайталап депозиттеудің алдында ешқандай қайталап депозиттеу болмаған болса, бастапқы депозиттеуді білдіреді.

6.3 Депозиттеу жөніндегі халықаралық органдарға қойылатын талаптар

(a) Депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган мыналарды талап ете алады :

(i) депозиттелетін организмнің оған Шарттың және осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін қажет болатын нысан мен санда берілуін;

(ii) оған осы органның әкімшілік рәсімінің мақсаттары үшін депозитор тиісті түрде толтырған сол орган белгілеген бланкінің берілуін;

(iii) 6.1 (a) немесе 6.2 (a) ережесінде аталып өткен жазбаша өтініштің осы орган көрсеткен тілде немесе кез келген тілдердің бірінде жазылуын; бұл орайда, мұндай көрсетілу кем дегенде ресми тілді немесе 3.1 (b)(v) ережесіне сәйкес көрсетілген тілдерді қамтуға тиіс деп ұғынылады;

(iv) 12.1 (a)(i) Ережесінде аталып өткен сақтағаны үшін баж төленуін; және

(v) депозитор мен осы органның арасында тиісті заңдар мүмкіндік беретін дәрежеде депозитор мен аталып өткен органның міндеттемелері ескерілетін шарт жасасылуын.

(b) Депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган Халықаралық бюроға кез келген осындай талаптар мен оған кез келген түзетулер туралы хабарлайды.

6 . 4 Қ а б ы л д а у р ә с і м і

(a) Мынандай жағдайларда депозиттеу жөніндегі халықаралық орган микроорганизмді депозиттеуге қабылдаудан бас тартады және ондай бас тарту мен оның себептері туралы депозиторды жазбаша түрде хабардар етеді:

(i) егер депозиттелетін микроорганизм 3.1 (b)(iii) немесе 3.3 ережесіне сәйкес ұсынылған растамалар қолданылатын бірде бір микроорганизм түрлеріне ж а т қ ы з ы л м а с а ;

(ii) егер микроорганизм қасиеттері соншалықты ерекшелікті болып, депозиттеу жөніндегі халықаралық орган осы Шарт пен осы Нұсқаулыққа сәйкес сол организмге қатысты орындауға тиісті функциясын орындауға техникалық жағынан қабілетсіз б о л ы п ш ы қ с а ;

(iii) егер алынған депозиттің жай-күйі депозиттелген микроорганизмнің жоқтығын анық көрсетіп тұрса немесе ғылыми пайымдауларға орай, депозиттелген микроорганизмді қабылдауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе.

(b) (a) тармағының ережелері ескеріле отырып, депозиттеу жөніндегі халықаралық орган 6.1 (a) немесе 6.2 (a) ережесінде, сондай-ақ 6.3 (a) ережесінде аталып өткен барлық талаптарды сақтаған жағдайда, депозиттелген микроорганизмді қабылдауды жүзеге асырады. Егер аталып өткен талаптардың қандай да біреуі сақталмаса, депозиттеу жөніндегі халықаралық орган бұл туралы депозиторға дереу хабарлайды және оған осындай талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді ұсынады.

(c) Микроорганизм бастапқы немесе қайталап депозиттеу нәтижесінде

алынған жағдайда, мұндай бастапқы немесе қайталап депозиттеу күні, мән-жайға қарай, микроорганизмді депозиттеу жөніндегі халықаралық орган алған күн болып табылады.

(d) Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозитордың өтініші бойынша және (b) тармағында аталып өткен барлық талаптар сақталған жағдайда, осы Шарттың мақсаттары үшін мұндай органның депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесін алған күніне микроорганизм алынған деп есептейді.

7-ереже

Алған кездегі қолхат

7.1 Қолхаттың берілуі

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиторға осы органда жасалған немесе соған берілген микроорганизмнің әрбір депозиттелуіне қатысты оның осы микроорганизмді қабылдап алған фактісін растап қолхат береді.

7.2 Бланк; тілдері; қол қою

(a) 7.1 ережесінде аталып өткен кез келген қолхат Ассамблея үлгісін айқындаған тілдерде Бас директор белгілейтін "халықаралық бланк" деп аталатын бланкілерде ж а с а л а д ы .

(b) латындық емес әліпби белгілерімен толтырылатын қолхаттағы кез келген сөздер мен әріптер де транслитерация жолымен латын әліпбиінің әріптерімен көрсетіледі.

(c) Қолхатқа депозиттеу жөніндегі халықаралық органды білдіретін өкілеттігі бар тұлға немесе тұлғалар немесе аталған тұлға немесе тұлғалардан тиісті өкілеттік алған сол органның кез келген лауазымды адамы қол қояды.

7.3 Бастапқы депозиттеу кезіндегі мазмұн

Бастапқы депозиттеу кезінде берілген, 7.1 ережесінде аталып өткен және бастапқы депозиттеу кезінде берілетін кез келген қолхат оның Шартқа сәйкес депозиттеу жөніндегі халықаралық орган ретінде депозиттеу жөніндегі мекемеден берілгенін көрсетуге тиіс және кем дегенде мынандай мәліметтерді қамтуға тиіс:

(i) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен-жайы;

(ii) депозитордың аты мен мекен-жайы;

(iii) 6.4 (c) ережесінде бар айқындамаға сәйкес, бастапқы депозиттелген күні;

(iv) депозитордың микроорганизмге таққан айырып-тану сілтемесі (нөмір, н ы ш а н д а р ж әне т . б .) ;

(v) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның депозиттелген микроорганизмге б е р г е н т і р к е у н ө м і р і ;

(vi) егер 6.1 (a) ережесінде аталып өткен жазбаша өтініште микроорганизмнің ғылыми сипаттамасы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындамасы қамтылса , он да ф а к т т у р а л ы е с к е р т п е .

7.4 Қайталап депозиттеу кезіндегі мазмұн

7.1 ережесінде аталып өткен және 4-бапқа сәйкес депозиттеу жасалған қайталап депозиттеу жағдайында берілген кез келген қолхатқа бұрынғы депозиттеу туралы қолхаттың көшірмесі (6.2 (c) ережесінің мағынасы шеңберінде) және сол микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігін көрсететін, бұрынғы депозиттеудің объектісі болып табылса микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы (6.2 (c)

ережесінің мағынасы шеңберінде) соңғы куәліктің көшірмесі қоса тіркелуге тиіс; бұл қолхатта кем дегенде мыналар қамтылуы тиіс:

- (i) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен-жайы;
- (ii) депозитордың аты мен мекен-жайы;
- (iii) 6.4 (с) ережесінде мазмұндалған айқындамаға сәйкес, қайталап депозиттелген к ү н ;
- (iv) депозитордың микроорганизмге таққан айырып-тану сілтемесі (нөмір, н ы ш а н д а р ж әне т . б .) ;
- (v) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның қайталап депозиттеу нәтижесінде депозиттелген микроорганизмге берген тіркеу нөмірі;
- (vi) 6.1 (a)(ii) ережесіне сәйкес депозитор көрсеткен тиісті себеп пен тиісті күнін к ө р с е т у ;
- (vii) егер 6.2 (a) ережесін қолданған кезде депозитордың ғылыми сипаттамасын және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындамасын көрсету фактісіне сілтеме ж а с а у ы ;
- (viii) алдағы депозиттеу нәтижесінде депозиттелген микроорганизмге берілген (6.2 (с) ережесінің мағынасы шеңберінде) тіркеу нөмірі.

7.5 Б е р у жағдайындағы қолхат

5.1 (a)(i) ережесіне сәйкес микроорганизм берілген депозиттеу жөніндегі халықаралық орган Шартқа сәйкес, депозиттеу жөніндегі халықаралық орган болып табылатын депозиттеу жөніндегі мекеме үлгінің берілуіне байланысты әрбір депозиттеуге қатысты бергенін куәландыратын және кем дегенде мынандай мәліметтерді қамтитын қолхат береді:

- (i) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен-жайы;
- (ii) депозитордың аты мен мекен-жайы;
- (iii) депозиттеу жөніндегі халықаралық органның берілген үлгіні алған күні (б е р і л г е н к ү н і) ;
- (iv) депозитордың микроорганизмге таққан айырып-тану сілтемесі (нөмір, н ы ш а н д а р ж әне т . б .) ;
- (v) депозиттеу жөніндегі халықаралық орган берген тіркеу нөмірі;
- (vi) беруді жүргізген депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен м е к е н - ж а й ы ;
- (vii) берілуді жүргізген депозиттеу жөніндегі халықаралық органның тіркеу нөмірі;
- (viii) егер 6.1 (a) немесе 6.2 (a) ережелерінде аталып өткен жазбаша өтініште микроорганизмнің ғылыми сипаттамасы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындамасы қамтылатын болса, немесе егер мұндай ғылыми сипаттама (лар) және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындама (лар) 8.1 ережесіне сәйкес кейінірек көрсетілсе немесе бұл сипаттамаға және/немесе айқындамаға кейінірек өзгерістер

енгізілсе - тиісті фактіге сілтеме жасалады.

7.6 Ғылыми сипаттаманы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындаманы
с а л ы п ж і б е р у

11.1, 11.2 немесе 11.3 ережелерінің шарттарына сәйкес, депозиттелген микроорганизм үлгісін алуға құқылы кез келген тараптың талабы бойынша, депозиттеу жөніндегі халықаралық орган ондай тарапқа 6.1 (b), 6.2 (a)(iii) немесе 8.1 (b)(iii) ережелерінде аталып өткен соңғы ғылыми сипаттаманы және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындаманы салып жібереді.

8 - е р е ж е

Ғылыми сипаттаманың және/немесе ұсынылатын таксономиялық айқындаманың келесі көрсетілуі немесе өзгертілуі

8 . 1 Х а б а р

(a) Егер, микроорганизмнің депозиттелуімен байланысты микроорганизмнің ғылыми сипаттамасы (лары) және/немесе таксономиялық айқындамасы (лары) көрсетілмесе, депозитор оларды кейінірек көрсете алады немесе олар көрсетілген болса , бұл сипаттамаға және/немесе айқындамаға өзгерістер енгізе алады.

(b) Кез келген мұндай келесі көрсетілім немесе өзгертілім депозиттеу

жөніндегі халықаралық органның атына жазбаша хабар түрінде депозитордың қолы қойылып жасалуға тиіс және мыналарды:

- (i) депозитордың аты мен мекен-жайын;
- (ii) аталып өткен орган берген тіркеу нөмірін;
- (iii) микроорганизмнің ғылыми сипаттамасын және/немесе ұсынылған таксономиялық айқындамасын;
- (iv) өзгертулер енгізілген жағдайдағы соңғы келесі ғылыми сипаттамасын және/немесе ұсынылған таксономиялық айқындамасын қамтуға тиіс.

8.2 Куәліктің берілуі

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган, 8.1 ережесінде аталып өткеніндей, хабар салған депозитордың сұрауы бойынша оған 8.1 (b)(i)-(iv) ережесінде аталып өткен деректер мен сол хабардың алынған күнін көрсететін куәлікті беруге тиіс.

9-ереже

Микроорганизмдердің сақталуы

9.1 Сақтау мерзімі

Депозиттеу жөніндегі халықаралық органда депозиттелген кез келген микроорганизмді, оның тіршілікке қабілеттілігі мен ластанбай сақталуы үшін қажетті барлық сақтық шараларын ала отырып, осы орган депозиттелген микроорганизм үлгісін беру туралы соңғы сұрауды алған сәттен бастап, кем дегенде бес жыл ішінде және кез-келген жағдайда, депозиттеу күнінен бастап кем дегенде 30 жыл бойы с а қ т а й д ы .

9 . 2 Қ ұ п и я л ы л ы ғ ы

Бірде бір депозиттеу жөніндегі халықаралық орган Шартқа сәйкес өзінде жүзеге асырылған микроорганизмді депозиттеу фактісіне қатысты ешкімге ақпарат бермеуге тиіс. Оның үстіне бұл орган Шартқа сәйкес өзінде депозиттелген микроорганизмге қатысты ешкімге ақпарат бермеуге тиіс, бұған 11-ережесінің шарттарына сәйкес аталып өткен микроорганизм үлгісін алуға құқығы бар кез келген орган, жеке немесе заңды тұлға осы ережеде көзделген осындай талаптарды сақтаған жағдай қосылмайды.

1 0 - е р е ж е

Тіршілікке қабілеттілікті тексеру және
тіршілікке қабілеттілік туралы куәлік

10.1 Тексеру жүргізудің міндеттілігі

Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган онда депозиттелген әрбір микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігін:

- (i) 6-ережеде аталып өткен кез келген депозиттеуден кейін немесе 5.1 ережесінде аталып өткен кез келген берілуден кейін дереу;
- (ii) микроорганизмнің түріне және оның сақталуының мүмкін болатын шарттарына байланысты тиісті уақыт өткен соң немесе, егер бұл техникалық ойластырулар бойынша қажет болса, кез келген уақытта;
- (iii) депозитордың талап етуі бойынша кез келген уақытта тексереді.

10.2 Тіршілікке қабілеттілік туралы куәлік

(a) Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиттелген микроорганизмнің тіршілікке қабілеттілігі туралы куәлікті:

- (i) депозиторға 6-ережеде аталып өткен кез келген депозиттеуден кейін немесе 5.1 ережеде аталып өткен кез келген берілуден кейін дереу;
- (ii) депозиторға депозиттеуден немесе берілуден кейін оның сұрау салуы бойынша к е з к е л г е н у а қ ы т т а ;

(iii) өнеркәсіптік меншіктік кез келген ведомствосына, 11-ереженің шарттарына сәйкес аталып өткен микроорганизм үлгісін алуға құқылы депозитордан өзге, кез келген басқа органға, жеке немесе заңды тұлғаға сондай берумен бір мезгілде немесе одан кейін олардың сұрау салуы бойынша кез келген уақытта береді.

(b) Тіршілікке қабілеттілік туралы куәлікте микроорганизмнің тіршілікке қабілетті немесе тіршілікке қабілетсіз екендігі көрсетілуге тиіс және онда мыналар қамтылуға тиіс :

(i) осы куәлікті беретін депозиттеу жөніндегі халықаралық органның атауы мен мекен - жайы ;

(ii) депозитордың аты мен мекен-жайы;

(iii) 7.3 (iii) ережеде аталып өткен күн немесе қайталап депозиттеу жағдайында немесе берілу жағдайында - 7.4 (iii) және 7.5 (iii) ережелерінде аталып өткен тиісті күндердің соңғысы ;

(iv) аталып өткен органның микроорганизмге берген тіркеу нөмірі;

(v) куәлік сілтеме жасап отырған тексеру күні;

(vi) жүргізілген тексеру шарттарына қатысты ақпарат, егер мұндай ақпарат тіршілікке қабілеттілік туралы куәлік берілетін тараптан сұратылса және, егер тексеру нәтижелері дұрыс болмай шықса .

(c) (a), (ii) және (iii) тармақтары қолданылатын жағдайда, тіршілікке қабілеттілік туралы куәлікте тіршілікке қабілеттілікті соңғы тексеруге сілтеме жасалуға тиіс.

(d) тіршілікке қабілеттілік туралы куәліктің нысанына, тілдеріне және қол қоюларына қатысты mutatis mutandis 7.2 Ережесі қолданылады.

(e) (a)(i) тармағы қолданылған жағдайда немесе өнеркәсіптік меншік ведомствосы тарапынан сұрау салынған ретте тіршілікке қабілеттілік туралы куәлік тегін беріледі. Тіршілікке қабілеттілік туралы кез келген басқа куәліктерге қатысты 12.1 (a) (iii) ережесіне сәйкес алынатын кез келген бажды осы куәлікті сұратып отырған тарап сұрау салуға дейін немесе онымен бір мезгілде төлейді.

11 - е р е ж е Ү л г і л е р д і б е р у

11.1 Өнеркәсіптік меншіктің мүдделі ведомстволарына үлгілерді беру

Депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган депозиттелген микроорганизмнің кез келген үлгісін кез келген Уағдаласушы мемлекеттің немесе өнеркәсіптік меншіктің ведомствосына немесе өнеркәсіптік меншіктің кез келген үкіметаралық ұйымына осындай ведомствоның сұрау салуы бойынша береді, бұл сұрау салуға төмендегілерге куәлік ететін декларация қоса тіркелуі шарт:

(i) бұл ведомствоға аталған микроорганизмнің депозиттелуіне сілтеме жасалатын

патентке өтінім беріледі және мұндай өтінімнің нысанасы көрсетілген микроорганизм немесе аталып өткен микроорганизмді пайдалану болып табылады;

(ii) мұндай өтінім осы ведомствода немесе сол бойынша патент берілген ведомствода қаралады;

(iii) бұл үлгі аталып өткен Уағдаласушы мемлекетте, аталып өткен ұйымда немесе бұл ұйымға мүше мемлекеттерде қолданылып жүрген патент рәсімінің мақсаттары үшін қажет;

(iv) бұған қоса тіркелетін немесе сонымен байланысты үлгі және кез келген ақпарат аталып өткен патенттік рәсім мақсаттары үшін ғана пайдаланылатын болады.

11.2 Депозиторға немесе депозитордың рұқсатымен үлгілер беру
Депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган депозиттелген микроорганизмнің кез келген үлгісін:

(i) сұрау салуы бойынша - депозиторға;

(ii) сұрау салынған үлгінің берілуіне рұқсат ететін депозитордың декларациясы сұрау салуға қоса тіркелген жағдайда осы тараптың сұрау салуы бойынша - кез келген органға, жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі - "уәкілетті тарап") береді.

11.3 Бұған құқығы бар тараптарға үлгілерді беру

(a) Депозиттеу жөніндегі кез келген халықаралық орган кез келген органға, жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі - "куәландырылған тарап") осы тараптардың сұрау салуы бойынша кез келген депозиттелген микроорганизм үлгісін береді, сұрау салу мазмұны Ассамблея белгілейтін бланкіде жасалуға тиіс және аталған бланкіде өнеркәсіптік меншік ведомствосы:

(i) бұл ведомствоға аталған депозиттелген микроорганизмге қатысты патентке өтінім берілгенін және мұндай өтінімнің нысанасы аталып өткен микроорганизм немесе аталып өткен микроорганизмді пайдалану болып табылатындығына;

(ii) (iii) тармақшасының екінші тіркесінің ережесін қолдануды қоспағанда, бұл ведомствоның патент рәсімінің мақсаттары үшін жарияланым жасағанына;

(iii) не, куәландырылған тарап бұл ведомстводағы патент рәсімін реттейтін заңдарға сәйкес микроорганизм үлгісін алуға құқылы екеніне және, егер аталып өткен заңдар бұл құқықты белгілі бір шарттардың орындалуына байланысты қойса, ал мұндай шарттардың іс жүзінде орындалғанына бұл ведомствоның сенімді екенінен, не куәландырылған тарап бұл ведомствода рәсімді жүзеге асыру кезінде бланкіге өз қолын қойғанына және аталып өткен бланкідегі қол қоюдың салдары бұл ведомстводағы патент рәсімін реттейтін заңдарға сәйкес куәландырылған тарапқа үлгі берудегі шарттар орындалды деп есептелетіндігіне; егер куәландырылған тарап аталған ведомствоның патент рәсімінің мақсаттарына арналған жарияланымына дейін аталып өткен заңдарға сәйкес аталып өткен құқыққа ие болса және мұндай жарияланым әлі

жарық көрмесе, куәландыруда бұл факт туралы ерекше атап өтіліп, аталған заңдардың кез келген сот шешімін қоса алғанда қолданылатын ережесіне белгіленген жолмен жасалған сілтемесі бар болуға тиіс екендігіне куәлік етуі шарт.

(b) өнеркәсіптік меншіктің кез келген ведомствосы беретін және жариялайтын патенттерге қатысты келгенде, бұл органның осындай патенттерінде аталып өткен депозиттелген микроорганизмдерге беретін тіркеу нөмірлерінің тізімдерін мұндай ведомство уақыт өте келе кез келген депозиттеу жөніндегі халықаралық органға салып жібере алады. Депозиттеу жөніндегі халықаралық орган кез келген органның жеке/ немесе заңды тұлғаның тарапынан болатын сұрау салу бойынша (бұдан әрі - "сұрау салушы тарап") тіркеу нөмірі осындай жолмен салып жіберілген кез келген микроорганизм үлгісін береді. Тіркеу нөмірлері осындай жолмен салып жіберілген депозиттелген микроорганизмдерге қатысты келгенде, жоғарыда аталған ведомство 11.3 (a) ережесінде аталып өткен куәландыруды жүргізуге міндетті емес.

11.4 Ж а л п ы е р е ж е л е р

(a) 11.1, 11.2 және 11.3 ережелерінде аталып өткен кез келген сұрау салу, декларация, куәлік немесе салып жіберу былай жасалуға тиіс:

(i) ағылшын, испан, орыс немесе француз тілдерінде, егер олар ресми тілі немесе ресми тілдері тиісінше ағылшын, испан, орыс немесе француз тілдерін қамтитын депозиттеу жөніндегі халықаралық органға жіберілетін болса, егер мұндай тілдер орыс немесе испан тілдері болуға тиіс жағдайда, бұлардың орнына ағылшын немесе француз тілдерінде де берілуі мүмкін, егер олар осылай берілсе, Халықаралық бюро көрсетілген ережелерде аталып өткен мүдделі тараптың немесе депозиттеу жөніндегі халықаралық органның сұрау салуы бойынша дереу және тегін испан немесе орыс тілдеріне р а с т а л ғ а н а у д а р м а ж а с а й д ы ;

(ii) барлық өзге жағдайларда олар ағылшын немесе француз тілдерінде жасалады, бұл ретте олардың орнына депозиттеу жөніндегі халықаралық органның ресми тілінде немесе ресми тілдерінің бірінде де жасай алады.

(b) (a) тармағының ережесіне қарамастан, егер 11.1 ережесінде аталып өткен сұрау салуды ресми тілі орыс немесе испан тілдері болып табылатын өнеркәсіптік меншіктің ведомствосы жасаса, аталып өткен сұрау салу тиісінше орыс немесе испан тілдерінде жасалуы мүмкін және Халықаралық бюро осы ведомствоның немесе көрсетілген сұрау салуды алған депозиттеу жөніндегі халықаралық органның сұрау салуы бойынша дереу және тегін ағылшын немесе француз тілдеріне расталған аударма жасайды.

(c) 11.1, 11.2 және 11.3 ережелерінде аталып өткен кез келген сұрау салу, декларация, куәлік немесе салып жіберу жазбаша түрде жасалып, күні көрсетіліп, қол қ о й ы л у ғ а т и і с .

(d) 11.1, 11.2 және 11.3 ережелерінде аталып өткен кез келген сұрау салу, декларация немесе куәлік мына көрсетілгендерді қамтуға тиіс:

(i) мән-жайға қарай, сұрау салушы өнеркәсіптік меншік ведомствосының, уәкілетті тараптың немесе куәландырушы тараптың атауы мен мекен-жайы;

(ii) депозиттелген микроорганизмге берілген тіркеу нөмірі;

(iii) 11.1 ережесінде көзделген жағдайдағы депонирленген микроорганизмге қатысты тапсырыс немесе патенттің нөмірі мен күні;

(iv) 11.3 (a) ережесінде көзделген жағдайда, (iii) тармақшасында аталып өткен мәліметтер, сондай-ақ осы ережеде аталып өткен куәландыруды жасаған өнеркәсіптік меншік ведомствосының атауы мен мекен-жайы.

(e) 11.3 (b) ережесінде аталып өткен кез келген сұрау салуда мына көрсетілгендер қ а м т ы л у ғ а т и і с :

(i) сұрау салушы тараптың атауы мен мекен-жайы;

(ii) депозиттелген микроорганизмге берілген тіркеу нөмірі.

(f) Берілетін үлгі салынатын контейнер депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиттелген микроорганизмге берген тіркеу нөмірі салына отырып таңбалануға тиіс және оған 7-ережеде аталып өткен қолхаттың көшірмесі, микроорганизмнің денсаулыққа және қоршаған ортаға қауіпті немесе қауіпті болып табылуы мүмкін кез келген қасиетінің көрсетілуі және сұрау салу бойынша депозиттеу жөніндегі халықаралық орган микроорганизмнің өсірілуін және сақталуын жүзеге асырып жатқан шарттардың көрсетілуі қоса тіркеледі.

(g) Депозитордан басқа кез келген мүдделі тарапқа үлгіні беруді жүзеге асырған депозиттеу жөніндегі халықаралық орган депозиторды бұл факт туралы, сондай-ақ аталып өткен берілуді жүзеге асыратын күн туралы, үлгі берілген сұрау салушы өнеркәсіптік меншік ведомствосының, уәкілетті тараптың немесе куәландырушы тараптың атауы мен мекен-жайы туралы дереу жазбаша нысанда хабардар етеді. Аталып өткен хабарламаға тиісті сұрау салудың көшірмесі, аталып өткен сұрау салуға байланысты 11.1 немесе 11.2 (ii) ережелеріне сәйкес берілген кез келген декларацияның к ө ш і р м е с і ж ә н е

11.3 ережесіне сәйкес сұрау салушы тараптың қолы қойылған кез келген бланкінің немесе сұрау салудың көшірмесі қоса тіркеледі.

(h) 11.1 ережесіне сәйкес үлгіні беру тегін жүзеге асырылады. Егер үлгіні беру 11.2 немесе 11.3 ережелеріне сәйкес жүзеге асырылса, 12.1 (a) (iv) ережесіне сәйкес төленуге жататын кез келген баж депозитордан, уәкілетті тараптан, куәландырушы тараптан немесе жағдайға қарай сұрау салушы тараптан алынады және аталған сұрау салуды табыс еткенге дейін немесе сол сәтінде төленеді.

11.5 11.1 және 11.3 ережелерінің халықаралық өтінімдерге қолданылуына қатысты өзгерістер

Егер өтінім Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес, халықаралық өтінім

сияқты берілсе, бұл өтінімнің өнеркәсіптік меншік ведомствосына берілуіне байланысты 11.1 (i) және 11.3 (a) (i) ережелерінде қамтылған сілтеме аталып өткен Шарт мағынасы шеңберінде Уағдаласушы мемлекет үшін өнеркәсіптік меншіктің бұл ведомствосы "көрсетілген ведомство" болып табылатын халықаралық өтінімінде көрсетілетін сілтеме ретінде қаралады, ал өнеркәсіптік меншік ведомствосының қарауына қарай, 11.3 (a) (ii) ережесіне сәйкес талап етілетін жариялау фактісін куәландыру деп не аталып өткен Шартқа сәйкес жасалған халықаралық жарияланымды жүзеге асыру фактісін куәландыру не осы өнеркәсіптік меншік ведомствосының жарияланымды жүзеге асыру фактісін куәландыруы деп түсініледі.

1 2 - е р е ж е Б а ж

12.1 Баж түрлері мен мөлшерлері

(a) Кез келген депозиттеу жөніндегі халықаралық орган Шартта және осы Нұсқаулықта көзделген рәсімдерге сәйкес мыналар үшін баж ала алады:

(i) с а қ т а ғ а н ы ү ш і н ;

(ii) 8.2 ережесінде аталып өткен куәлікті бергені үшін;

(iii) 10.2 (e) ережесінің бірінші сөйлемін ескере отырып, тіршілікке қабілеттілік туралы куәлік бергені үшін;

(iv) 11.4 (h) ережесінің бірінші сөйлемін ескере отырып, үлгілерді бергені үшін;

(v) 7.6 ережесіне сәйкес ақпараттарды салып жібергені үшін.

(b) 9.1 ережесінде көзделгеніндей, сақтағаны үшін алынатын баж микроорганизм сақталған барлық мерзім үшін алынады;

(c) Кез келген баж мөлшері депозитордың азаматтығына немесе тұрғылықты жеріне байланысты немесе тіршілікке қабілеттілік туралы куәлікті немесе үлгілерді беруге сұрау салған органның, жеке немесе заңды тұлғаның тиесілі азаматтығына немесе тұрғылықты жеріне байланысты өзгертілмейді.

12.2 Баж мөлшерінің өзгертілуі

(a) Кез келген депозиттеу жөніндегі халықаралық органда алынатын кез келген баж мөлшерінің өзгертілуі осы органға қатысты 7(1) бапқа сәйкес декларация жасаған Уағдаласушы мемлекет немесе өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымы тарапынан Бас директорға жіберілетін хабарламаның нысанасы болуға тиіс. Бұл хабарлама (c) тармағының ережелерін ескере отырып, жаңа баж алына бастайтын күнді көрсетуі м ү м к і н .

(b) Бас директор (a) тармағына сәйкес алынған кез келген хабарлама туралы және (c) тармағына сәйкес, оның күшіне ену күні туралы барлық Уағдаласушы мемлекеттер

мен өнеркәсіптік меншіктің үкіметаралық ұйымдарына дереу хабарлама жасайды; Бас директордың хабарламасын және ол алған

хабарламаны Халықаралық бюро дереу жариялайды.

(с) Кез келген жаңа баж (а) тармағына сәйкес көрсетілген күннен бастап қолданылады, егер өзгерту баж мөлшерін ұлғайтудан тұрса немесе, егер ешқандай күн көрсетілмесе, Халықаралық бюроның өзгерту туралы жарияланымынан кейін отызыншы күннен бастап жаңа баж алынады.

12-bis Ережесі Мерзімдерді есептеп шығару

12 bis. 1 Жылдармен көрсетілетін мерзімдер

Егер мерзім бір жылмен немесе белгілі бір жылдар сонымен көрсетілсе, ол тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі күннен бастап есептеп шығарылып, осы оқиға орын алған ай мен күннің келесі тиісті жылдың осылай аталатын айында және сондай күнінде мерзімі өтеді; алайда егер тиісті келесі айда ондай күн болмаса, мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

12 bis. 2 Айлармен көрсетілетін мерзімдер Егер мерзім бір аймен немесе белгілі бір ай санымен көрсетілсе, ол

тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі күннен бастап есептеп шығарылып, осы оқиға орын алған ай мен күннің келесі тиісті айында және сондай күнінде мерзімі өтеді, алайда, бұл тиісті келесі айда ондай күн болмаса, мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

12 bis. 3 Күндермен көрсетілетін мерзімдер

Егер мерзім белгілі бір күндер санымен көрсетілсе, ол тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі күннен бастап есептеледі, ал соңғы санау күні болып табылатын күні мерзімі өтеді.

13-ереже Халықаралық бюроның жарияланымы

13.1 Жарияланымдар нысаны

Халықаралық бюро жүзеге асыратын және Шартта немесе осы Нұсқаулықта аталып өткен кез келген жарияланым Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясында аталып өткен Халықаралық бюроның ай сайынғы мерзімдік б а с ы л ы м ы н д а ж а р ы қ к ө р е д і .

1 3 . 2 М а з м ұ н ы

(a) Аталып өткен мерзімдік басылымның кем дегенде жыл сайынғы бірінші нөмірінде осы нөмір шыққан күнге дейінгі депозиттеу жөніндегі халықаралық органдардың жаңартылған тізімі әрбір осындай органға, оларда депозиттелетін микроорганизмдер түрлеріне, сондай-ақ осы органдарда алынатын баж мөлшеріне қатысты деректер көрсетіле отырып жариялануға тиіс.

(b) аталған мерзімдік басылымның бірінші нөмірінде болған фактіден кейін келетін кез келген мына фактілер туралы толық ақпарат жарияланады:

(i) депозиттеу жөніндегі халықаралық орган мәртебесінің кез келген

алынуы, тоқтатылуы немесе шектелуі және осы тоқтатылуға немесе шектелуге байланысты қолданылған шаралар;

(ii) 3.3 ережеде аталып өткен қабылданатын микроорганизмдер тізімінің кез келген кеңейтілуі;

(iii) депозиттеу жөніндегі халықаралық орган қызметінің кез келген тоқтатылуы, кейбір микроорганизм түрлерін қабылдаудан кез келген бас тарту және осындай тоқтатылуға немесе бас тартуға байланысты қолданылған шаралар;

(iv) депозиттеу жөніндегі халықаралық органдарда алынатын бажға байланысты кез келген өзгерістер;

(v) 6.3 (b) ережесіне сәйкес хабарланған оларға қойылатын кез келген талаптар және кез келген түзетулер.

14-ереже

Делегациялар шығыстары

14.1 Шығыстарды жабу

Ассамблеяның кез келген сессиясына қатысушы әрбір делегацияның, сондай-ақ кез келген комитеттің, жұмыс тобының немесе Одаққа қатысы бар мәселелер жөніндегі басқа да отырыстардың шығыстарын делегацияны тағайындаған мемлекет немесе ұйым көтереді.

15-ереже
Ассамблеяда кворумның болмауы

15.1 Хат жазысу арқылы дауыс беру

(а) 10(5) (b) бабында көзделген жағдайда Бас директор Ассамблеяның кез келген шешімін (Ассамблеяның өз рәсіміне қатысты шешімдерінен басқасын) бұл шешімді шығару кезінде өкілі болмаған Уағдаласушы мемлекеттерге жолдайды және оларға осы хабардың күнінен бастап үш айлық мерзімде жазбаша нысанда дауыс беруді немесе қалыс қалуды ұсынады.

(b) Егер аталған мерзім өткен соң осындай жолмен дауыс берген немесе қалыс қалған Уағдаласушы мемлекеттердің саны бұл шешімді шығару кезінде кворум үшін жетпеген Уағдаласушы мемлекеттердің санына жететін болса, талап етілетін көпшілік дауыстың бір мезгілде сақталатыны жағдайында мұндай шешімнің күші болады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.